

**МКҚК «Шұғыла» бөбекжай – бақшасының
«Айгөлек» кіші тобының тәрбиешісі**

Әкімгерейқызы Венера 2025 – 2026 жылдың жұмыстарының есебі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (№499) қыркүйек айының перспективалық жоспары және де Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (2022 ж 14 қазан №422) қазан айынан бастап, оқу жылының мамыр айына дейінгі перспективалық жоспары құрылды. «Айгөлек»(аралас)ересек және ортаңғы тобындағы барлығы 18бала, оның: 8қыз, 10ұл баламен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша топтағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасалынды, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік орта, оның ішінде арнайы орта құрылды, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастырылды; балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін орындадым, сонымен қатар балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулыдым, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін ата-аналармен де ынтымақтаса отырып жылдық жұмыс жоспарында белгіленген жұмыстарды атқардым.

Әр аптаның Дүйсенбісінде әнұран айтылып, қалған күндері таңертеңгілік жаттығуларды әр түрлі спорттық құралдармен өткіземін. Үлестірмелі материалдарды бала санына қарай толықтырып жасадым.

Қыркүйек айынан бастап Менің Отаным -Қазақстан!» Интерактивті мерекелік іс-шара«Тіл-татулық тірегі!» мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында Отбасы мен Балабақшаның бірлігі атты ата –аналар жиналысы ұйымдастырылды. Ата-ана мүшесі болып Нурғалиева Гулден сайланды. Отбасы күніне орай Топ аралық «Әкем, анам және мен – спорт сүйер отбасы» Эстафеталық сайыс ұйымдастырылып, тәрбиеленуші Адильжанның ата-анасы белсенділік танытты.

Қазан айында «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күз сыйы – туған елге! Көрме ата-аналар арасында әр түрлі табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылды.

«Менің Қазақстаным!» сурет көрмесі ата, әкелермен бүлдіршіндер біріге отырып сурет салынды.

Желтоқсан айында «Тәуелсіздік тұғыры биікте» атты шағын өткізілді. Жаңа жыл қарсаңында «Жаңа жылды қарсы аламыз» атты ертеңгілігі өтті. Балалар кейіпкерлермен бірге ән айтып, би билеп, ойындар ойнады. Ақпан айында топ арасында ата – аналармен бірге «Жаңа өмір сыйлайық!» Қалдық заттардан жасалған дамытушы ойындардың көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар бөбекжайымызда «Жасыл балабақша» жобасы аясында облыстық семинар ұйымдастырылды. Семинарда балалар «Кшкентай торғай» әнін орындап «Гүлдер» биін биледі.

Наурыз айында 8 – наурыз мерекесіне арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілігін өткіздік. Ұйымдастырылған мерекелік кештерде әр түрлі ертегі кейіпкерлерін сомдадым. «Жүректен шыққан алғыс» Челлендж ұйымдастырылды. **Shugyla248** инстаграмм парақшасына жүргізілген жұмыстар салынып отырады.

Сәуір айында «Жазушы әлеміне сапар» балалар кітапханасына саяхат жасадық. Балаларға өте қызықты және әсерлі болды. «Құстарға ұя сыйлаймыз!» атты байқау топ арасында ұйымдастырылды. Әр топтан аталар мен әкелер өз қолдарымен әр түрлі материалдардан жасап, шеберліктерін көрсетті. Мамыр айында «Менің елім-мәңгілік мекенім» ертеңгілік ойын-сауық ұйымдастырылды. «Балашақтан – болашаққа» балабақшамен қоштасу өткізілді. Жыл бойы белсенділік танытқан балалар дипломмен, ата-аналар алғыс хатпен марапатталды. Жалпы балалардың жалпы жеке даму көрсеткіші қыркүйек және қаңтар айымен салыстырғанда нәтижесінің көрсеткіші жоғары деңгейге өзгерген. Түстерді түгел ажыратады, салыстыра алады. Жыл мезгілдерін, геометриялық пішіндерді дұрыс ажыратып айтуды үйренді. Қоршаған орта туралы берілген ақпаратты қабылдап тәрбиешінің қимылын орындай алады. Өлең жолдарын тәрбиешімен бірге қайталап жатқа айтады. Түзету жұмыстарын қажет ететін балаларға жеке жұмыстар жүргізілді. Балалардың сөздік қорларын жетілдіру жұмыстарын әлі де үнемі жүргізіп отыру қажет. Сонымен қатар онлайн байқауларға тәрбиеленушілеріммен бірге қатысып I және II дәрежелі орындарға ие болып алғыс хаттармен марапатталдым. Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі аудандық білім бөлімінен марапатқа ие болдым. Қоғамдық іс-шараларға да белсене қатысып отырдым.

Тәрбиеші:

Әкімгерейқызы Венера